

БАСЫЛЫМ МАЗМҰНЫ №6

- [МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ ТУРАЛЫ ЗАҒҒА ТҮЗЕТУЛЕР ЖАНАР-ЖАҒАР МАЙҒА ДЕГЕН ТАПШЫЛЫҚТЫ ЖӘНЕ «СҰР» ЭКСПОРТЫН ТӨМЕНДЕТЕДІ](#)
- [«МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК» СЕМИНАР-КЕҒЕСІ](#)
- [2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ, МҰНАЙ ӨНДЕУ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ХИМИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ](#)
- [«KAZENERGY» ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ АЛАҒЫНДА МҰНАЙ-ГАЗ КОМПАНИЯЛАРЫ ЖАҒАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ДАМУ ТУРАЛЫ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕМЕН БӨЛІСТІ](#)
- [МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ САЛАЛЫҚ КОМИССИЯ](#)
- [KAZENERGY ӘЙЕЛДЕР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЛУБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ҚАРАШЫҒАНАҚ ПЕТРОЛЕУМ ОПЕРЕЙТИНГ Б.В. АЛАҒЫНДА ӨТТІ](#)
- [«STUDENT ENERGY CHALLENGE» КОНКУРСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН «SHELL NXPLORERS» ТРЕНИНГІ ТУРАЛЫ](#)
- [ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛелЕРІ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ КОМИТЕТІНІҢ КӨШПЕЛІ ОТЫРЫСЫ ТУРАЛЫ](#)
- [ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІ МҰНАЙ КЕҒЕСІНІҢ БОЛАШАҚ КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ 6-ШЫ ФОРУМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНА ҚАТЫСТЫ](#)

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ ТУРАЛЫ ЗАҒА ТҮЗЕТУЛЕР ЖАНАР-ЖАҒАР МАЙҒА ДЕГЕН ТАПШЫЛЫҚТЫ ЖӘНЕ «СҰР» ЭКСПОРТЫН ТӨМЕНДЕТЕДІ



Қазақстанның ЕАЭО елдеріне мұнай өнімдерін экспорттау кезіндегі мүмкіндіктерін «Атамекен» ҚР ҰКП Төралқасының Мұнай-газ өнеркәсібі комитетінің отырысында талқыланды. ҚР Энергетика вице-министрі Әсет Мағауовтың айтуы бойынша, Еуразиялық одақ елдеріне экспорттау мұнай өнімдерін шетелге шығаруға экспорттық кеден бажының мөлшерлемесін төмендету туралы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін мүмкін болады.

Толығырақ:



«МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК» СЕМИНАР-КЕҢЕСІ

Ағымдағы жылғы 13-14 маусымда Қызылорда қаласында «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС алаңында «Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік» семинар-кеңесі өтті. ҚР Энергетика министрлігі Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары Б.А. Маханов семинар-кеңес қатысушыларына ҚР ЭМ жанындағы Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия шеңберінде жүргізілетін жұмыс жөнінде баяндады.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ, МҰНАЙ ӨңДЕУ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ХИМИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2019 жылғы 18 маусымда «KAZENERGY» қауымдастығының алаңында 2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімді әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының кезекті отырысы өтті.

Жұмыс тобының мүшелерінен келіп түскен ұсыныстар, 2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімнің ережелері талқыланды.

Толығырақ:



«KAZENERGY» ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ АЛАҢЫНДА МҰНАЙ-ГАЗ КОМПАНИЯЛАРЫ ЖАҒАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ДАМУ ТҒЫНДА ТӘЖІРІБЕМЕН БӨЛІСТІ



2019 жылғы 27 маусымда халықаралық сарапшылардың, ҚР Энергетика министрлігі, БҰҰДБ, USAID өкілдерінің, қауымдастықтың мүдделі мүшелерінің қатысуымен «Қазақстанда мұнай-газ компанияларының жаңартылатын энергия көздерін дамыту бойынша тәжірибесі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com



МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ САЛАЛЫҚ КОМИССИЯ

2019 жылғы 28 маусымда Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінде Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның отырысы өтті.

Отырыста ҚР Энергетика министрлігінен кадрлық ауыстыруларға байланысты салалық комиссия мүшелерін ауыстыру үшін ұсынылған кандидатуралары мақұлданды.

Толығырақ:



КАZENERGY ӘЙЕЛДЕР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЛУБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ОТЫРЫСЫ ҚАРАШЫҒАНАҚ ПЕТРОЛЕУМ ОПЕРЕЙТИНГ Б.В. АЛАҒЫНДА ӨТТІ



Ағымдағы жылғы 27 маусымда мұнай-газ саласында гендерлік саясатты дамытуды қолдау мақсатында KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының (бұдан әрі - ЭЭК) көшпелі өңірлік отырысы өтті. Отырыстың ашылуында құттықтау сөзімен КПО бас директоры Эдвин Бло сөз сөйлеп, презентациясын ұсынды. Сөз сөйлеу барысында Эдвин Бло КПО қызметі туралы ақпаратпен, компанияда ер адамдар мен әйелдердің статистикалық деректерімен, ер адамдар мен әйелдердің әртүрлі ұстанымдарда қатысу көрсеткіштерімен бөлісті.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com



«STUDENT ENERGY CHALLENGE» КОНКУРСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН «SHELL NXPLORERS» ТРЕНИНГІ ТУРАЛЫ



2019 жылғы 1-2 шілдеде Нұр-Сұлтан қаласында Назарбаев Университетінің алаңында «ШеллҚазақстан» компаниясы «KAZENERGY» қауымдастығымен бірлесіп, «Student Energy Challenge» жылсайынғы конкурсының IV кезеңіне өткен 13 команда қатысушылары үшін «NXplorers» тренингін өткізді. «NXplorers» тренингін өткізу бойынша авторизацияланған жеке мекеме «Nazarbayev University Research and Innovation System» жүйелі ойлау, сценарийлік жоспарлау тәсілдері мен өзгеріс теориясы кіретін осы тренингті өткізді.

Толығырақ:



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ КОМИТЕТІНІҢ КӨШПЕЛІ ОТЫРЫСЫ ТУРАЛЫ



2019 жылғы 2 шілдеде «KAZENERGY» қауымдастығының алаңында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің (бұдан әрі - Комитет) мүшесі Ш.Ә. Өтемісовтің төрағалығымен ҚР Экологиялық кодексінің жобасын талқылау бойынша Комитеттің көшпелі отырысы өтті.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІ
МҰНАЙ КЕҢЕСІНІҢ БОЛАШАҚ КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ
6-ШЫ ФОРУМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНА ҚАТЫСТЫ



2019 жылғы 24 маусымда Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Қанат Бозымбаев Санкт-Петербург қаласында (Ресей) өтіп жатқан Мұнай Кеңесінің Болашақ Көшбасшыларының 6-шы форумына қатысты.

Форум мұнай-газ саласындағы орталық іс-шаралардың бірі болып табылады және әлемдік мұнай кеңесіне (ӘМК) кіретін 70 елдің бірінде үш жылда бір рет өткізіледі.

Форум аясында Қ. Бозымбаев «Энергетиканы трансформациялау: Болашақ картасы» атты панельдік сессияда сөз сөйледі. Бұл сессияға Ресей Федерациясының Энергетика министрі А. Новак, Әзірбайжанның Энергетика министрі П. Шахбазов және ӘМК Президенті Тор Фьеран қатысты.

Сессия барысында қатысушылар энергетикалық күн тәртібіндегі ең өзекті мәселелер, әлемдік энергетика

саласының ағымдағы жағдайы мен даму болашағы жөнінде пікір алмасты.

Өз сөзінде Қ. Бозымбаев Қазақстанның энергетикалық әлеуеті, энергетикалық саланы жаңғырту және елдегі жаңартылатын энергия көздері секторын дамыту туралы айтып, ЖЭК объектілері санының өсуі мен олардың қуатының жыл сайын ұлғаюын атап өтті.

Сондай-ақ, ОПЕК пен ОПЕК + елдерінің жаһандық мұнай нарығын тұрақтандыру және әлемдік мұнай бағасының құбылмалығын төмендету бойынша бірлескен іс-әрекеттерін үйлестіру маңыздылығы атап өтілді.

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com



KEW

2 0 1 9

**KAZAKHSTAN
ENERGY
WEEK**

XII

**KAZENERGY
EURASIAN
FORUM
NUR-SULTAN**

**KAZAKHSTAN
ENERGY WEEK**

**XII ЕВРАЗИЙСКИЙ
ФОРУМ KAZENERGY**

 KAZENERGYFORUM.COM

 23-29 **Сентября** 2019

Нур-Султан, Казахстан